

## Заң консультанттарының заң консультанттары палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 733 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 қыркүйекте № 29337 болып тіркелді.

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.10.2024 № 886 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Заң консультанттарының заң консультанттары палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысу қағидалары бекітілсін.

2. Тіркеу қызметі және заң қызметін көрсету департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрі

К. Мусин

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрі  
2022 жылғы 31 тамыздағы  
№ 733 Бұйрықпен  
бекітілген

## Заң консультанттарының заң консультанттары палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Заң консультанттарының заң консультанттары палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысу қағидалары (бұдан әрі –

Қағидалар) "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-1-бабына сәйкес әзірленді және заң консультанттарының заң консультанттары палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысу тәртібін айқындайды.

2. Заң консультанттарының мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың заң консультанттар палаталары ұйымдастырады.

3. Әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында заң консультанттары палатасы болмаған жағдайда мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуді Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 46-бабында айқындалған тәртіппен бұрын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қызметін жүзеге асырған заң консультанттары палаталарының құқықтық мирасқорлары болып табылатын заң консультанттары палаталары ұйымдастырады.

4. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысуды, олар туралы мәліметтер мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы келісім жасасқан уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған заң консультанттары палаталарының тізілімінде көрсетілген заң консультанттары жүзеге асырады.

5. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шеңберінде заң консультанттары:

1) құқықтық кеңес беруді;

2) соттарда, өзге де мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдарда қорғауды және өкілдік етуді;

3) татуластыру рәсімдерін жүргізуді жүзеге асырады.

## **2-тарау. Заң консультанттарының заң консультанттары палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысу тәртібі**

6. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың заң консультанттары палатасы жыл сайын бірінші желтоқсаннан кешіктірмей аумақтық әділет органына мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын заң консультанттарының тізімін жібереді.

7. Тізімде заң консультантының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), тізілімдік нөмірі және заң консультанттары палатасына кірген күні, заң консультантының қызметін ұйымдастыру нысаны, палатаның атауы және заң консультантының қызметін жүзеге асыру орны көрсетіледі.

8. Заң консультанттарының тізімін тоқсан сайын заң консультанттары палаталары жаңартып отырады және өзекті күйде жүргізіледі.

9. Заң консультанттары палаталары ай сайын, айдың 25-күнінен кешіктірмей заң консультанттарының кезекшілік кестесі қалыптастырылады.

10. Заң консультанттарының бірден артық палатасы қызметін жүзеге асыратын облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада кестені аумақтық әділет департаменттері қалыптастырады.

Заң консультанттарының бірден артық палатасы қызметін жүзеге асыратын облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада ай сайын, айдың 20-күнінен кешіктірмей заң консультанттары палаталары аумақтық әділет департаменттеріне кестеге енгізу үшін заң консультанттарының тізімін жолдайды, ал аумақтық әділет департаменттері ай сайын, айдың 25-күнінен кешіктірмей тиісті соттарға кесте ұсынады.

11. Аумақтық әділет органы жыл сайын он бесінші желтоқсаннан кешіктірмей осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң консультанттарымен мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы келісім жасасады.

12. Аумақтық әділет органы жыл сайын жиырма бесінші желтоқсаннан кешіктірмей интернет-ресурсында мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын заң консультанттарының тізімін орналастырады.

Заң консультанттары палатасы жиырма бесінші желтоқсаннан кешіктірмей интернет-ресурсында, сондай-ақ заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын заң консультанттарының тізімін орналастырады.

13. Құқықтық консультация беру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуді заң консультанты өтініш беруші өтініш берген кезде тікелей және/немесе электрондық форматта заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

Өтініш беруші өтініш жасағаннан кейін тікелей заң көмегін көрсету мүмкін болмаған кезде, ол үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде көрсетілуге тиіс. Заң консультанты өтініш берушіге қабылдау күні мен уақыты туралы қолжетімді нысанда хабарлайды.

Егер өтініш беруші жүріп-тұруындағы қиындықтармен байланысты ауыр сырқаттың, мүгедектіктің немесе өзге де мән-жайлардың салдарынан заң консультанты тағайындаған қабылдау орнына келе алмаса, оның тұрған жері бойынша құқықтық консультация беріледі.

Бір мәселе бойынша тұлға мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет ала алады.

14. Құқықтық консультация беру түрінде білікті заң көмегін көрсету үшін заң консультантын таңдауды өтініш беруші жүзеге асырады.

Соттардың тағайындауы бойынша білікті заң көмегін көрсету үшін заң консультантын таңдау заң консультанттары палаталары қалыптастырған кестеге сәйкес қағаз және/немесе электрондық форматта заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

15. Соттарда, өзге де мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізу Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстеріне сәйкес жүзеге асырылады.

16. Заң консультанттары құқықтық консультация беру және құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау түрінде өздері көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегінің есебін мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алуды жүргізу тізілімінде жүргізеді, онда мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге жүгінген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), өтініш жасалған күн, мәселенің мәні, көрсетілген заң көмегінің түрі мен нысаны, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге жүгінген тұлғаның және заң консультантының қолы көрсетіледі.

Құқықтық консультация беру және құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегін есепке алу қағаз және/немесе электрондық форматта заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

17. Заң консультанттары өздері көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есепті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей ай сайын қағаз және/немесе электрондық форматта заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы қалыптастырады.

18. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың заң консультанттары палатасы, жыл сайын шілденін бесінен және қаңтардың бесінен кешіктірмей аумақтық әділет органына осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң консультанттары мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есепті ұсынады.

Заң консультанттары көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есеп аумақтық әділет органына заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы ұсынылады.

Облыстың заң консультанттары палатасының жиынтық есебі ауылдық елді мекендерді мемлекет кепілдік берген заң көмегімен қамтамасыз ету туралы ақпаратты қамтиды.

### **3-тарау. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тарту**

19. Құқықтық консультация беру, қорғау және өкілдік ету түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден мынадай негіздердің бірі болған кезде бас тартылады:

- 1) өтініш беруші Заңның 26-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген, мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар адамдар санатына жатпаса;
- 2) өтініш беруші өтінішінің құқықтық сипаты болмаса;

20. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден бас тарту бойынша Заңның 29-бабының 3 тармағына сәйкес уәкілетті органға, сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Заң консультанттары  
палаталары ұйымдастыратын  
мемлекет кепілдік берген заң  
көмегін көрсетуге  
қатысу қағидаларына  
№1 қосымша

Нысан

**Заң консультантымен мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету туралы келісім**

\_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ г.

(жасалған орны)

Әділет департаменті

\_\_\_\_\_

(Әділет департаментінің атауы)

атынан

\_\_\_\_\_

бюджет қаражаты есебінен мемлекет кепілдік берген заң көмегін алуға құқығы бар тұлғалардың мүддесінде әрекет ететін, бұдан әрі "Әкімші" деп аталатын Әділет департаменті басшысының немесе осы келісімге қол қоюға уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), бір жағынан, Қазақстан Республикасы "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" (бұдан әрі-Заң) Заңының 28-1-бабын басшылыққа ала отырып және заң консультанты

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_

(заң консультантының қызметін ұйымдастыру нысаны)

заң консультанттары палатасының \_\_\_ \_\_\_ мүшесі

\_\_\_\_\_

(заң консультанттары палатасының атауы, қабылданған күні, № \_\_ )

мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын Заң консультанттарының тізіміне \_\_\_ енгізілді, бұдан әрі "заң консультанты" деп атаймыз, екінші жағынан, төмендегілер туралы осы Келісім жасасты:

1. Заң консультанты құқықтық консультация беру, сондай-ақ Заңның 26-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттарда, мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғау және білдіру түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетеді.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегі жеке тұлғаға бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

Заң консультанты көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі үшін ақы төлеу және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу "Адвокат, заң консультанты көрсеткен, мемлекет кепілдік берген заң көмегіне ақы төлеудің және құқықтық консультация беруге, қорғауға және өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 434 бұйрығымен белгіленген мөлшерде бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Әділет министрінің 24.10.2024 № 886 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету үшін заң консультанты мыналарды жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген процессуалдық өкілеттіктерді пайдаланады;

2) жеке тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін әрекеттерді орындайды;

3) өзінің кәсіби қызметінде заң консультанттарын ұйымдастыру және олардың қызметі қағидаттарын басшылыққа алады.

3. Заң консультанты заң көмегін көрсету кезінде толыққанды білікті заң көмегін көрсету үшін қажетті ақпаратты, құжаттар мен материалдарды талап ете алады.

4. Заң консультанты мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуден Заңның 28-1 бабына сәйкес бекітілген Заң консультанттарының заң консультанттары палаталары ұйымдастыратын мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетуге қатысу қағидаларының 18-тармағында көзделген негіздер бойынша, бас тартады.

5. Әкімші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде көрсетілген заң көмегі және қорғау мен өкілдік етуге, сондай-ақ татуластыру рәсімдерін жүргізуге байланысты шығыстарды өтеу үшін төленуге жататын бюджет қаражатын заң консультантының банк шотына аударады.

6. Осы Келісім заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады, Тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және келесі жылдың соңына дейін қолданылады.

Заң консультанттары  
палаталары ұйымдастыратын  
мемлекет кепілдік берген заң  
көмегін көрсетуге

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 24.10.2024 № 886 ( алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Нысан										
Ұсынылады: аумақтық әділет департаменттеріне.										
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.adilet.gov.kz.										
Әкімшілік нысанның атауы: Заң консультанттарының көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есебі.										
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: 1-ЗКМКБЗК.										
Кезеңділігі: айлық.										
Есепті кезең _____ 20__ жыл.										
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: заң консультанты.										
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей.										
ЖСН/ БСН:										

№	Көрсеткіштің атауы	жеке тұлғалар барлығы	оның ішінде ауылды мекенде
1	2	3	4
1	Ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың саны		
2	оның ішінде алимент өндіру мәселелері бойынша		
3	оның ішінде зейнетақы және жәрдемақы тағайындау мәселелері бойынша		
4	оның ішінде оңалту мәселелері бойынша		
5	оның ішінде босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша		
6	оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар мәселелері бойынша		
7	оның ішінде мәртебесіне немесе жағдайына	сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарының	
8	байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді	адам саудасының құрбандары	
9	қамтамасыз ету және қорғау	терроризм актісінің құрбандары	
10	мәселелері бойынша	азаптауға ұшырағандар	

11	оның ішінде асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша		
12	оның ішінде жұмыспен байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша		
13	оның ішінде, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша,	Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын	
14		Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар	
15		басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері	
16		мерзімді қызметтің әскери қызметшілері	
17		бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар	
18		жасы бойынша зейнеткерлер	
19		көп балалы отбасылармен	
20		жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдар (отбасылар)	
21		азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың саны	
22		оның ішінде асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша талап қоюшылар	



23	оның ішінде жұмысқа байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар		
24	оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар		
25	оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер		
26	оның ішінде алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде өндіріп алушылар болып табылатын көп балалы отбасылардағы балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер		
27	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер		
28	кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер	оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын,	
29		Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар	
30		басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері	
31		мерзімді қызметтің әскери қызметшілері	
32		бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар	
33		жасы бойынша зейнеткерлер	

34	заңға сәйкес ақталған адамдарға зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды		
35	заң көмегі көрсетілген жеке тұлғалардың жалпы саны (1, 21-жолдардың сомасы)		

Заң консультанты \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Жасалған күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Ескертпе: Осы нысан осы нысандағы қосымшаға "Заң консультанттарының көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есебі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсініктемеге сәйкес толтырылады.

"Заң консультанттарының  
көрсеткен мемлекет кепілдік  
берген заң көмегі туралы есебі"  
әкімшілік деректерін жинауға  
арналған нысанға  
қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Заң консультанттарының көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есебі" (нысанның индексі 1-ЗКМКБЗК, кезеңділігі айлық)**

1. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) мемлекет кепілдік берген заң көмегі – заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негізде және тәртіппен, тегін негізде көрсетілетін заң көмегі;

2) құқықтық ақпарат беру – белгіленбеген тұлғалар тобына Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселелері бойынша ауызша, жазбаша нысандарда, электрондық құжат нысанында не көріп танысу түрінде ақпарат беру арқылы көрсетілетін заң көмегінің түрі;

3) құқықтық консультация беру – жеке және заңды тұлғаларға ауызша және жазбаша консультациялар нысанында көрсетілетін, оның ішінде арыздарды, шағымдарды, өтінішхаттарды және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасау мәселесіне қатысты заң көмегінің түрі.

2. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірмелер

"Заң консультанттарының көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы есебі" әкімшілік деректер нысанында келесі деректер қамтылады:

1-бағанында ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

2-бағанында алимент өндіру мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

3-бағанында зейнетақы және жәрдемақы тағайындау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

4-бағанында оңалту мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

5-бағанында босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

6-бағанында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

7-бағанында сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарының мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

8-бағанында адам саудасының құрбандары мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

9-бағанында терроризм актісінің құрбандары мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

10-бағанында азаптауға ұшырағандар мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

11-бағанында асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық

консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

12-бағанында жұмыспен байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

13-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

14-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

15-бағанында басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша, ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

16-бағанында мерзімді қызметтің әскери қызметшілері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

17-бағанында бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

18-бағанында жасы бойынша зейнеткерлер кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

19-бағанында көп балалы отбасылармен кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

20-бағанында жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдар (отбасылар) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

21-бағанында азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

22-бағанында асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша талап қоюшылар азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

23-бағанында жұмысқа байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

24-бағанында қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

25-бағанында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

26-бағанында ішінде алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде өндіріп алушылар болып табылатын көп балалы отбасылардағы балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

27-бағанында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

28-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

29-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

30-бағанында басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

31-бағанында мерзімді қызметтің әскери қызметшілері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;



4	оның ішінде оңалту мәселелері бойынша		
5	оның ішінде босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша		
6	оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар мәселелері бойынша		
7	оның ішінде мәртебесіне немесе жағдайына	сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарының	
8	байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді	адам саудасының құрбандары	
9	қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша	терроризм актісінің құрбандары	
10		азаптауға ұшырағандар	
11	оның ішінде асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша		
12	оның ішінде жұмыспен байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша		
13		Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын	
14		Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар	
15		басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері	
16	оның ішінде, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелері бойынша,	мерзімді қызметтің әскери қызметшілері	
17		бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар	
18		жасы бойынша зейнеткерлер	
19		көп балалы отбасылармен	

20		жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдар (отбасылар )		
21		Азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың саны		
22		оның ішінде асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша талап қоюшылар		
23		оның ішінде жұмысқа байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар		
24		оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар		
25		оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер		
26		оның ішінде алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде өндіріп алушылар болып табылатын көп балалы отбасылардағы балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер		
27		Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер		
28		оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын,		
29		оның ішінде Ұлы Отан соғысының		



		қатысушылары болып табылатын		
30	оның ішінде, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер	Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар		
31		басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері		
32		мерзімді қызметтің әскери қызметшілері		
33		бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар		
34	Заңға сәйкес ақталған адамдарға зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшыларды			
35	Заң көмегі көрсетілген жеке тұлғалардың жалпы саны (1, 2-жолдардың сомасы)			

Төраға \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (қолы)

Заң консультанттары палатасының атауы \_\_\_\_\_

Мекенжайы \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (жасалған күні) \_\_\_\_\_ (телефон)

Ескертпе: Осы нысан осы нысандағы қосымшаға "Заң консультанттарының көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есебі" әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсініктемеге сәйкес толтырылады.

"Заң консультанттарының  
көрсеткен мемлекет кепілдік  
берген заң көмегі туралы  
жиынтық есебі"  
әкімшілік деректерін  
жинауға арналған нысанға  
қосымша

**Әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинауға арналған нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме "Заң консультанттарының көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есебі" (нысанның индексі 2-МКБЗК, кезеңділігі жартыжылдық, жылдық өсумен)**

1. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) мемлекет кепілдік берген заң көмегі – заң көмегін алуға құқығы бар жеке және заңды тұлғаларға "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген негізде және тәртіппен, тегін негізде көрсетілетін заң көмегі;

2) құқықтық ақпарат беру – белгіленбеген тұлғалар тобына Қазақстан Республикасы заңнамасының мәселелері бойынша ауызша, жазбаша нысандарда, электрондық құжат нысанында не көріп танысу түрінде ақпарат беру арқылы көрсетілетін заң көмегінің түрі;

3) құқықтық консультация беру – жеке және заңды тұлғаларға ауызша және жазбаша консультациялар нысанында көрсетілетін, оның ішінде арыздарды, шағымдарды, өтінішхаттарды және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасау мәселесіне қатысты заң көмегінің түрі.

2. Нысанды толтыру жөніндегі түсіндірмелер

"Заң консультанттарының көрсеткен мемлекет кепілдік берген заң көмегі туралы жиынтық есебі" әкімшілік деректер нысанында келесі деректер қамтылады:

1-бағанында ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

2-бағанында алимент өндіру мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

3-бағанында зейнетақы және жәрдемақы тағайындау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

4-бағанында оңалту мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

5-бағанында босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

6-бағанында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

7-бағанында сексуалдық зорлық-зомбылық құрбандарының мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау

мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

8-бағанында адам саудасының құрбандары мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

9-бағанында терроризм актісінің құрбандары мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

10-бағанында азаптауға ұшырағандар мәртебесіне немесе жағдайына байланысты құқықтар мен заңды мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

11-бағанында асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

12-бағанында жұмыспен байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген не қылмыстық құқық бұзушылықтан келтірілген зиянды өтеу мәселелері бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

13-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

14-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

15-бағанында басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

16-бағанында мерзімді қызметтің әскери қызметшілері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

17-бағанында бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

18-бағанында жасы бойынша зейнеткерлер кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

19-бағанында көп балалы отбасылармен кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

20-бағанында жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда белгіленген кедейлік шегінен төмен табысы аз адамдар (отбасылар) кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша ауызша және жазбаша консультациялар нысанында құқықтық консультация берілген жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

21-бағанында азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

22-бағанында асыраушысының қайтыс болуынан келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша талап қоюшылар азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

23-бағанында жұмысқа байланысты денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

24-бағанында қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылар азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

25-бағанында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

26-бағанында алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде өндіріп алушылар болып табылатын көп балалы отбасылардағы балаларды күтіп-бағуға алименттерді өндіріп алу туралы даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер азаматтық сот ісін жүргізуде мүдделері ұсынылған жеке тұлғалардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

27-бағанында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтан жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға байланысты даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

28-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушылары болып табылатын, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

29-бағанында Ұлы Отан соғысының қатысушыларына жеңілдіктер бойынша теңестірілген адамдар кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

30-бағанында басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

31-бағанында ғанада мерзімді қызметтің әскери қызметшілері кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

32-бағанында бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

33-бағанында жасы бойынша зейнеткерлер кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес даулар бойынша талапкерлер мен жауапкерлер және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

34-бағанында заңға сәйкес ақталған адамдарға зиянды өтеу туралы даулар бойынша талап қоюшылардың және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі;

35-бағанында заң көмегі көрсетілген жеке тұлғалардың жалпы саны (1, 21-жолдардың сомасы) және оның ішінде ауылды мекенде саны көрсетіледі.